

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тегін медициналық көмектің кепілді көлемін жетілдіру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі N 1300 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тегін медициналық көмектің кепілді көлемін жетілдіру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Жоба

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тегін медициналық көмектің кепілді көлемін жетілдіру мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., N 21, 93-құжат):

53-баптың 1-тармағы 5) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын түрлер бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының мамандандырылған медициналық көмек көрсетуі".

2. "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 66-құжат; N 24, 164-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 183-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 22, 789-құжат; N 23, 916-құжат; 2001 ж., N 10, 126-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 71-құжат; 2004 ж., N 11-12, 65-құжат; 2006 ж., N 12, 71-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 4, 33-құжат; N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 24, 126-құжат; 2009 жылғы 21 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 29 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қала құрылысын жоспарлаған, жер учаскелерін бөлген, құрылысты жобалаған және салған кезде су қорғау және табиғат

қорғау тәртібін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2009 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы; 2009 жылғы 11 тамызда "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ветеринария мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 24 шілдедегі Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң З а ң ы) ;

13-баптың 2-тармағы "Мемлекеттің тапсырысы" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын көмек көрсету нысандары мен түрлері бойынша медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК